

Алматы облысы
Кербұлақ ауданы
Шұбар орта мектебі-шағын орталығы

Жеке шаруа қожалығын тиімді ұйымдастыру




Шаймолданова Қарлығаш
Жандарбекқызы
Математика-физика мұғалімі

Қазіргі кездегі білім мен техниканың даму деңгейі әрбір адамда сапалы және терең білім мен кәсіби іскерліктің болуын, жастардың белсенді, шығармашылықпен жұмыс істеуін және кеңінен ойлауға қабілетті болуын талап етеді. Сондықтан да мектептегі оқу-тәрбие үрдісінің негізгі мақсаты-ғылым негіздерін сапалы түрде оқытумен қатар, түрлі педагогикалық әдістерді қолдана отырып, мақсатты және жүйелі түрде жас жеткіншектердің интеллектуалды, шығармашылық көзқарасы мен белсенділігін қалыптастыру, кәсіпкерлікке баулу. Өз бетінше білім алу және еңбек ету дағдыларының дамуына, оқушылардың экономикалық білім беру мен оларды кәсіпкерлікке баулу болып табылады.

Мысалы, ауылымызда жеке шаруа қожалықтарының бар болуына байланысты қожалықтарын қалай тиімді ұйымдастыру, қаржыны жұмсау және одан пайда табудың теориялық есебін жасауды үйрету. Ол үшін алдымен бизнес-жоспар құрады. Одан соң айлар бойынша қаржылық жоспар жасап, кәсіпкерлікті ұйымдастыру барысындағы шығындар мен одан түсетін пайданы есептейді. Бұл жұмысты атқару барысында оқушылар аудан, көлем, масса, т.с.с. тереңдету және оны практикада қолданумен бірге көптеген экономикалық ұғымдармен танысады.

Орта білім беретін мектеп оқушылары математика пәні бойынша сыныптан тыс жұмыстар кезінде осы тәріздес экономикалық есептеулер жүргізіп, кәсіпкерлікке ұйымдастырудың теориялық есептеулер жүргізіп, кәсіпкерлікке ұйымдастырудың теориялық мәселері сияқты жұмыстарды орындап отыратын болса, олардың кәсіпкерлік дағдылары қалыптаса бермек деген оймен осы сабақты ұсынып отырмын.



Сабақтың мақсаты:

Білімділік: оқушылардың экономикалық көзқарасы мен белсенділігін дамыта отырып, алған білімдерін жүйелеп бірлесе жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру;

Дамытушылығы: оқушылардың шығармашылық ізденістерін дамыту, мамандыққа баулу, кәсіптік білімге икемдеу;

Тәрбиелік: жетістікке, алға қойған мақсатына жетуге, ұмтылуға тәрбиелеу.



Сабақтың түрі: шығармашылық ықпалды талап
ететін өзіндік жұмыс сабағы.

Пәнаралық байланыс: экономика

Көрнекіліктер: плакаттар.

Сабақтың барысы

I. Кіріспе

II. Жер бөлімшесі

III. Жанармайға жұмсалатын шығын МТЗ-80

IV. Жұмысшылардың еңбекақысы


V. Шөп.

VI. Жоспар.


VII. Қорытынды.



Аудан өлшеуіштері






$$S = \pi R^2 (\text{m})^2$$



$$S = a b (\text{m})^2$$









$$S = \frac{1}{2} * a * h$$



$$S = (a+b)/2 * h$$



Жер өлшемі



$$S = (100 + 80) / 2 * 100 = 90 * 100 = 90.000 \text{ м}^2 = 9 \text{ га}$$

$$S_1 = 1/2 * 20 * 100 = 10.000 \text{ м}^2 = 1 \text{ га}$$

$$S_{1/2} = 40 * 100 = 40.000 \text{ м}^2 = 4 \text{ га}$$

Барлығы: 9га

Соның ішінде бидай: 4га

арпа: 4га

кәртп: 1га



ШЫҒЫН МТЗ-80



1. Жер жырту

- $14,2\text{кг} * 9 = 127,9\text{кг}$

2. Майдалау

- $2,3\text{кг} * 9 = 20,7\text{кг}$

3. Тырмалау

- $1,4\text{кг} * 9 = 12,6\text{кг}$

4. Себу (арпа, бидай)

- $3,4\text{кг} * 8 = 27,2\text{кг}$

Картопты күтіп-баптау

5. Картопты отырғызу

- $7,5\text{кг} * 1 = 7,5\text{кг}$

6. Шөптеу

- $2,3\text{кг} * 1 = 2,3\text{кг}$

7. Түптеу

- $2,3\text{кг} * 1 = 2,3\text{кг}$

8. Қазу

- $16,0\text{кг} * 1 = 16,0\text{кг}$

9. Шөпті шабу

- $2,8\text{кг} * 10 = 28,0\text{кг}$

10. Тырмалау

- $2,4\text{кг} * 10 = 24,0\text{кг}$

11. Шөмелелеу

- $1,8\text{кг} * 10 = 18,0\text{кг}$

12. Шөпті тасу 1т

- $1,8\text{кг} * 20\text{т} = 36,0\text{кг}$

13. Шөпті тиеу

- $1\text{кг} * 20\text{т} = 20,0\text{кг}$

14. Маялау

- $1,8\text{кг} * 20 = 36,0\text{кг}$

15. 1т картопты тасу

- $1,9\text{кг} * 20\text{т} = 38,0\text{кг}$


16. Әр түрлі жұмыстарға

- $80,0\text{кг}$

Барлығы:

- 500кг





ABC=19м -асырма

AB = 5м-ені

BD=10м-ұзындығы

$$V = \left(\frac{19+5}{4} \right)^2 * 10 = 36 * 10 = 360 \text{ м}^3$$

$$m = \rho * V = 360 * 50 = 18.000 \text{ кг} = 18 \text{ т}$$

$$12 \text{ арба} = 18 \text{ т}$$

Қажетті 1) 18-20т шөп

2) 8т туралған шөп

Жұмысшылардың еңбекақысы

Жұмыс істейтіндер 2 адам

Бөлу: 1:1

Бірінші жұмысшының еңбекақысы $X_1 = K$

Екінші жұмысшының еңбекақысы $X_2 = K$

K-пропорционалдық коэффициенті $K + K = 2K$

$360.000 = 2K$ $K = 360.000 / 2 = 180.000$ теңге

$X_1 = 180.000$ теңге


$X_2 = 180.000$ теңге

Бір айлық еңбекақысы

1) $180.000 = 180.000 / 12 = 15.000$

2) $180.000 = 180.000 / 12 = 15.000$

Барлығы: 360.000 теңге



Жоспар



р/с	өнім аты	совхоз жоспары	алу керек
1	1га картоп	160ц	200ц
2	1га бидай	17ц	30ц
3	1га арпа	17ц	30ц
4	1га екпелі шөп	30ц	30ц
	1га табиғи шөп	7ц	7ц



Кіріс

1. Картоп- 20 т=20.000кг
2. Бидай- 30ц*4=120ц=12т
3. Арпа -30ц*4=120ц=12т
4. Шөп - 18-20т
- 5.Ет -3ц=300кг

ШЫҒЫС

- 1.Тұқым: арпа - 2,5ц*4=10ц
2. бидай - 2,5ц*4=10ц
3. картоп - 40ц
- 4.Жанармай - 500*70теңге=35.000теңге
- 5.Жағармай - 5.000теңге
- 6.Еңбекақы - 360.000теңге
- 7.Улы химикаттар - 20.000 теңге
- Әр түрлі жұмыстарға - 80.000теңге

Қортындысы:

500.000 теңге

Таза пайда: $1\ 000.000 - 500.000 = 500\ 000$ теңге



Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1.математика 7-11.
- 2.физика 7-11.
- 3.Қолданбалы экономика.

